

Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаментінің 2018 жылдың өткен кезеңіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалы анықтама

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерттеу мақсатында 2018 жылғы 19 қарашадан бастап 23 желтоқсанды қоса алғанға дейін құрамында корпоративтік және ақпараттық қауіпсіздік департаментінің (бұдан әрі – КЖАҚД) директоры Р.Б. Ысқақов – топ жетекшісі, КЖАҚД корпоративтік қауіпсіздік секторының бас менеджері Т.С. Бекібаев, КЖАҚД ақпараттық қауіпсіздік секторының менеджері И.А. Тен, жұмыс тобы адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаментіне (бұдан әрі – АРБЖЕТД) қатысты келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

- 1) АРБЖЕТД ұйымдастыру-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) АРБЖЕТД қызметін қозғайтын ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі талдау жүргізу негіздемесі

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) міндетін атқарушы С.Ә. Арыновтың шешімі.

1. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат:

1) ұйымдастыру-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

кәсіби іріктеу мен жұмысқа қабылдау персоналды тиімді басқарудың қажетті құраушысы және мүдделер қақтығысы үшін жағдайлар мен ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау немесе барынша азайту құралы болып табылады.

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Бос лауазымдарға кадрларды іріктеу тәртібі Қоғамның келесі ішкі құжаттарымен белгіленген:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Басқармасының 2016 жылғы 14 қарашадағы шешімімен (№26 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-та бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу және жаңа жұмыскерлерді бейімдеу қағидалары;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2017 жылғы 27 қыркүйектегі №162 бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ филиалдарында, өкілдіктерінде және өзге де аумақтық жекеленген құрылымдық бөлімшелерінде кейбір бос лауазымдарға, сондай-ақ жұмысшы мамандықтар бойынша бос орындарға қабылданатын кандидаттарды келісу тәртібі.

Сыртқы аудит, мемлекеттік органдардың актілерін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тексеру нәтижелері бойынша АРБЖЕТД қызметінде 2018 жылғы 01 қаңтардан бастап 19 қарашаны қоса алғанға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қолданыстағы персоналды басқару жүйесіне жүргізілген талдау нәтижелері тиімді және нәтижелі жұмыстың барын көрсетеді.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағыныстағы бос лауазымдарға орналасу кезіндегі үлестестік фактілері анықталған жоқ.

Қоғамда моральдық және заңды мінез-құлық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін мына ішкі құжаттар қабылданды және қолданылады:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№3/2010 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-тың корпоративтік этика кодексі;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен (№17/2012 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-та бұзушылықтың пайда болу тәуекелін басқару саясаты;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 26 ақпандағы шешімімен (№2/2015 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-тың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Қоғамда пайда болатын мүдделер қақтығысын реттеу үшін лауазымды тұлғалар:

1) пайда болатын мүдделер қақтығысын анықтап, олардың себебін айқындауға;

2) Қоғам органдарының құзыреті мен жауапкершілігінің аражігін нақты ажыратуға;

3) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға қатысудан қалыс қалуларын қамтамасыз етуге міндетті.

Құқыққа қайшы әрекеттер фактілері бойынша тиісті шараларды қабылдау үшін Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қоғамның 555-210 телефонына, doverie@kaztransoil.kz электрондық ақпараттық сенім жүйесіне хабарласа алады.

Өтініштер тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн қабылданады.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен

(№126 отырыс хаттамасы) бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен (№12/16 отырыс хаттамасы) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді электрондық сатып алуды жүргізу нұсқаулығына («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 20 ақпандағы сырттай отырысының № 06/17 шешімімен енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен) сәйкес жүзеге асырылады.

2018 жылғы 1 ақпаннан бастап Қоғам тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді бір көзден алу және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың ЭСАЖ 2.0.- электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады.

Сатып алуды жүргізудің электрондық форматы және тапсырысшы мен конкурс жеңімпазы арасында шарттар жасау тапсырысшының сатып алу жеңімпазымен тікелей байланысу қажеттілігін барынша азайтуға мүмкіндік береді әрі сатып алу рәсімдерінің бұл бөлігінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді.

Қоғамда сатып алу бойынша қолданылатын қазіргі рәсімдер сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына жол бермеу үшін айтарлықтай тиімді болып табылады.

2) АРБЖЕТД қызметін қозғайтын ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

АРБЖЕТД қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер

Өз қызметінде АРБЖЕТД мынадай құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 3) «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік этика кодексі;
- 4) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлердің жұмыс уақытын есепке алу жөніндегі нұсқаулығы;
- 5) «ҚазТрансОйл» АҚ-та вахталық әдіспен жұмыс істеу туралы ереже;
- 6) «ҚазТрансОйл» АҚ-та жеке деректерді жинау, өңдеу және қорғау қағидалары;

- 7) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің қызметтік іссапарлары туралы қағидалар;
- 8) «ҚазТрансОйл» АҚ әлеуметтік жауапкершілік кодексі;
- 9) «ҚазТрансОйл» АҚ-та жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау қағидалары;
- 10) «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының жұмыскерлерін, «ҚазТрансОйл» АҚ ардагерлерін наградтау және марапаттау тәртібі туралы қағидалар;
- 11) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерін оқыту және дамыту туралы қағидалар;
- 12) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерін аттестаттау қағидалары;
- 13) «ҚазТрансОйл» АҚ-та «Үздік маман» конкурсын өткізу қағидалары;
- 14) «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының ішкі еңбек тәртібі қағидалары;
- 15) «ҚазТрансОйл» АҚ жастар саясаты;
- 16) «ҚазТрансОйл» АҚ Жас мамандар кеңесі туралы ереже;
- 17) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын және жұмысшы мамандықтары нұсқаулықтарын әзірлеу қағидалары;
- 18) «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді әзірлеу қағидалары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен Қоғамның ішкі құжаттары.

Талдау барысында «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 14 тамыздағы шешімімен (№22 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті туралы ереже, «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 14 қарашадағы шешімімен (№26 отырыс хаттамасы) бекітілген КТО-СА-PR-60.1 «ҚазТрансОйл» АҚ-та бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу және жаңа жұмыскерлерді бейімдеу қағидалары, «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2017 жылғы 27 қыркүйектегі №162 бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ филиалдарында, өкілдіктерінде және өзге де аумақтық жекеленген құрылымдық бөлімшелерінде кейбір бос лауазымдарға, сондай-ақ жұмысшы мамандықтар бойынша бос орындарға қабылданатын кандидаттарды келісу тәртібін және АРБЖЕТД қызметін регламенттейтін басқа да ішкі құжаттар зерттелді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 14 тамыздағы шешімімен (№22 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті туралы ережеге сәйкес АРБЖЕТД жүзеге асыратын функциялар жоғарыда аталған актілердің нормаларына сәйкес келеді.

Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуінің негізгі бағыттары, сонымен қатар демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету бойынша бюджеттің шығыс бөлігін жасау, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету, оның жұмсалыуына мониторинг жүргізуді және бақылауды қамтамасыз ету тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы шешімімен (№86 отырыс хаттамасы) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясатымен және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен (№4 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» жабық акционерлік қоғамының демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету қағидаларымен белгіленеді.

Демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шарттарда Қоғамға қаражаттың жұмсалыуы туралы есептерді, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ұсыну көмек алу шарттарының бірі болып табылатындығын айта кеткен жөн.

Алайда, 2017 жылдан бастап барлық демеушілік және қайырымдылық көмектер «Самұрық-Қазына» АҚ-тың компаниялар тобынан демеушілік және қайырымдылық көмек көрсететін жалғыз оператор болып табылатын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы көрсетіледі.

АРБЖЕТД «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 5 қазандағы шешімімен (№25 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерін аттестаттау қағидаларына сәйкес жұмыскерлерді аттестаттау арқылы олардың қызметін бағалау процесін ұйымдастырды. Қағида талаптарына сәйкес аттестаттау комиссиясы құрылады, аттестаттаудан өтетін жұмыскерлерге АРБЖЕТД аттестаттау өткізу туралы бұйрықты, тізімді және тест өткізу кестесін танысуға жібереді. 60 проценттен кем жинаған жағдайда кәсіби білімдері бойынша қайтадан компьютерлік тестілеуден өту мүмкіндігі бар. Бұдан басқа, Қоғамның аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, қабылданған шешімді қайта қарау туралы өтінішпен жүгіну мүмкіндігі бар. Қабылданған шешімді қайта қарау нәтижелері бойынша Қоғамның аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, Қоғамның жұмыскерлері осы шешім бойынша Қоғамның бас директорына (Басқарма төрағасына) оның атына жазбаша түрде жүгіну арқылы шағым түсіруге құқылы.

Талдау барысында қаралған АРБЖЕТД қызметін регламенттейтін ішкі құжаттардың қорытындылары бойынша дискреттік өкілеттіктердің жоқтығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін талаптардың регламенттелмегендігі анықталды.

2. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

1) иеленушісі АРБЖЕТД болып табылатын ішкі құжаттарды екі деңгейлі басқару жүйесіне көшумен және бар процестерге сәйкес өзектендіру қажет;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсындағы бос лауазымдар туралы ақпаратты екі деңгейлі басқару жүйесіне сәйкес жаңарту қажет.